



## **Ақсу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Жетісу облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы № 25-112 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 19 наурызда № 177-19 болып тіркелді

**Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4% (төрт пайыздан) 2% (екі пайызға) дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы*

*Б. Сулейменов*